RKR560205W
RKR560205X



KK	Пеш	Қолдану туралы нұсқаулары	2
RU	Кухонная плита	Инструкция по эксплуатации	39

Electrolux

МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ..... 3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ..... 5
3. ОРНАТУ..... 8
4. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ..... 11
5. БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА..... 12
6. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ..... 12
7. ПЕШ - АҚЫЛ-КЕҢЕС..... 14
8. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ..... 15
9. ТҰМШАПЕШ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ 16
10. ТҰМШАПЕШ - САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ..... 18
11. ТҰМШАПЕШ - КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ..... 19
12. ТҰМШАПЕШ - КЕҢЕСТЕР..... 20
13. ТҰМШАПЕШ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ..... 31
14. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ..... 33
15. ҚУАТ ТИІМДІЛІГІ..... 35
16. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР..... 38

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.
Electrolux әлеміне қош келдіңіз.
Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:

Пайдалануға қатысты кеңесті, кітапша, ақаулықты түзету, қызмет көрсету және жөндеу туралы ақпаратты мына жерден алыңыз:
www.electrolux.kz/support

Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.registerelectrolux.com

Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.part33.ru

ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.
Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.

⚠ Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты

ⓘ Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

1.1 Балалар мен әлсіз адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл құрылғы дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі не тәжірибесі және білімі жоқ адамдардың (соның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған. Қауіпсіздігіне жауапты адам құрылғы пайдалануын қадағаласа немесе нұсқаулар беріп тұрса ғана олар құрылғыны пайдалана алады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалау керек.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- ЕСКЕРТУ: Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып жатқанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қолжетімді бөлшектер пайдалану кезінде ыстық болуы мүмкін.
- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындамауы керек.

1.2 Жалпы қауіпсіздік

- Білікті маман ғана осы құрылғыны орнатуы және кабельді ауыстыруы тиіс.
- Бұл құрылғыны артқы панельдің температурасына төтеп беру үшін электр желісіне H05VV-F түріндегі кабельмен жалғау керек.
- Бұл құрылғы теңіз деңгейінен 2000 м-ге дейін биіктікте пайдалануға арналған.

- Бұл құрылғы кеме, қайық немесе контейнерлерде пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы қатты қызып кетпеу үшін декоративті есіктің артына орнатпаңыз.
- Құрылғыны платформада орнатпаңыз.
- Құрылғыны сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі арқылы басқармаңыз.
- ЕСКЕРТУ: Май немесе өсімдік майы қосылған тағамды әзірлеу бетіне қараусыз пісірсе, қауіпті болуы және өрт шығуы мүмкін.
- Өртті ЕШҚАШАН сумен сөндіруге әрекет жасамаңыз, оның орнына құрылғыны сөндіріп, жалынды қақпақ немесе өртке төзімді көрпе, т.б. тәрізді затпен жабыңыз.
- САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ: Пісіру барысын қадағалап отыру керек. Пісіру барысы қысқа болса, үздіксіз қадағалап отыру керек.
- ЕСКЕРТУ: Өрт қаупі бар: Заттарды әзірлеу беттерінде сақтамаңыз.
- Құралды тазарту үшін бумен тазартқышты пайдаланбаңыз.
- Пештің шыны есігін немесе топсамен бекітілген шыны қақпақтарын тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіріп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ тәрізді темір заттарды әзірлеу бетіне қоймаңыз, себебі ысып кетеді.
- Егер шыны керамика бет / шыны сынса, электр қатері пайда болмас үшін құрылғыны сөндіріңіз және ток көзінен ағытыңыз. Құрылғы ток көзіне электр корапшасы арқылы қосылған болса, құрылғыны тоқтан ағыту үшін сақтандырғышты алыңыз. Осы жағдайларда уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- ЕСКЕРТУ: Құрылғы мен оның қолжетімді бөліктері пайдалану кезінде қызады. Қыздырғыш элементтерге тиіп кетпеу үшін абайлау керек.
- Тұмшапеш ыдыстарын немесе керек-жарақтарын алып-салған кезде үнемі қолғап киіңіз.
- Техникалық қызмет көрсетуден бұрын қуат көзін ажыратыңыз.
- ЕСКЕРТУ: Электр тогының соғу қаупін болдырмас үшін шамды ауыстыру алдында құрылғының өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.
- Қуат сымына зақым келсе, электр қатерінен сақтандыру үшін оны өндіруші немесе оның уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруы тиіс.
- Сақтау тартпасын ұстаған кезде абай болыңыз. Ол қызуы мүмкін.
- Сөре сырғытпаларын алу үшін алдымен сөре сырғытпасының алдыңғы жағын, содан кейін артқы жағын бүйір қабырғаларынан ары тартыңыз. Сөре сырғытпаларын кері бағытта орнатыңыз.
- Ажырату құралын сымдарды өткізу ережелеріне сай бекітілген сымдарға біріктіру керек.
- ЕСКЕРТУ: Пісіру құрылғысының өндірушісі жасаған пеш қорғағыштарды ғана немесе құрылғы өндірушісі пайдаланушы нұсқаулығында арнайы көрсеткен немесе құрылғының өзіне орнатылған қорғағыштарды ғана қолданыңыз. Сай келмейтін қорғағыштарды пайдалансаңыз, оқыс жағдай орын алуы мүмкін.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

ЕСКЕРТУ!
Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген орнату нұсқауларын орындаңыз.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орнынан жылжытқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ киім киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Ас үй қаптамасы мен ұясының өлшемдері құрылғыға сай келуге тиіс.

- Құрылғылар мен заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғыны орнату талаптарына сәйкес ыңғайлы және қауіпсіз жерге орнатыңыз.
- Құрылғының бөлшектерінде кернеу бар. Құрылғының қауіпті бөлшектеріне қол тиіп кетпес үшін оны ас үй қаптамасымен жабыңыз.
- Құрылғының бүйір жақтарында биіктігі осы құрылғының биіктігімен бірдей құрылғылар орнатылуы керек.
- Құрылғыны есікке жақын жерге терезенің астына қоймаңыз. Бұл есік немесе терезе ашылған кезде ыстық ыдыс құрылғыдан құлап кетпеу үшін қажет.
- Құрылғы аударылып кетпес үшін оны орнықты етіп орнататын құралдарды орнатыңыз. Орнату тарауын қараңыз.

2.2 Электр тогына қосу

ЕСКЕРТУ!
Өрт және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Барлық электр қосылымдарын ұсынған білікті электрик орнатуы керек.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтасындағы параметрлердің негізгі қуатпен жабдықтау желісіндегі электр параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, соққыға төзімді розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптер мен ұзартқыш сымды қолданбаңыз.
- Электр сымдарына қол тигізуге немесе құрылғының есігіне не құрылғының төменгі жағына, әсіресе ыстық тұрған есікке жақындауға болмайды.
- Ток жүріп тұрған және гидроизоляциясы бар бөлшектерді электр қатерінен қорғау үшін құралсыз алынбайтын етіп мықтап орнату керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана қосыңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка бекітілмеген болса, ашаны жалғамаңыз.
- Құрылғыны ажырату үшін электр сымынан тартпаңыз. Әрдайым қорек ашаны қолмен тартып шығарыңыз.
- Тек дұрыс оқшаулағыш құралдарды қолданыңыз: желіні қорғайтын ажыратқыштарды, сақтандырғыштарды (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштарды пайдаланыңыз.
- Электр қондырғысында құрылғыны кез келген ток полюстерінен ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құрылғы болуы керек. Оқшаулағыш құрылғыда кеңдігі 3 мм-ден кем емес саңылау болу керек.
- Ашаны розеткаға қосар алдында құрылғының есігін толық жабыңыз.

2.3 Пайдалану

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу және күйіп қалу қаупі бар.
Ток соғуы қаупі бар.

- Бұл тұрмыстық (жай ішінде) мақсатта ғана пайдалануға арналған құрылғы.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдету саңылауларының бітелмегенін тексеріңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін әрқашан сөндіріңіз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде есікті ашқанда абайлаңыз. Ыстық ауа шығуы мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл қолдармен немесе суға тиіп тұрғанда пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жұмыс беті немесе сақтау беті ретінде пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТУ!
Өрт және жарылыс пайда болу қаупі бар

- Қыздырғанда майлардан тұтанғыш булар бөлінуі мүмкін. Майлармен пісіргенде, отты немесе қыздырылған заттарды алыс ұстаңыз.
- Өте ыстық майдан бөлінетін булар өздігінен өртенуі мүмкін.
- Құрамында тамақ қалдықтары болуы мүмкін пайдаланылған май бірінші рет пайдаланылған майға қарағанда төменірек температурада өртенуі мүмкін.
- Тұтанғыш өнімдерді немесе тұтанғыш өнімдермен ылғалдандырылған заттарды құрылғының ішіне, жанына немесе үстіне қоймаңыз.
- Есікті ашқан кезде жарқыл немесе ашық оттың құрылғымен жанасуына жол бермеңіз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкогольді ингредиенттерді қолданғанда, алкоголь мен ауа қоспасы пайда болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ!
Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Эмальдің зақымдалуын немесе өңсізденуін болдырмау үшін:
  - пешке арналған ыдыстарды немесе басқа заттарды құрылғы ішінде тікелей түбіне қоймаңыз.
  - алюминий жұқалтырды құрылғыға немесе қаптаманың астыңғы бөлігіне тікелей қоймаңыз.
  - суды тікелей ыстық құрылғыға қоймаңыз.
  - әзірлеуді аяқтағаннан кейін құрылғыда ылғалды ыдыстарды және тағамдарды сақтамаңыз.
  - керек-жарақтарды алып немесе орнатқан кезде абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының немесе тот баспайтын болат бөлігінің түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді.
- Сулы қоспадан жасалған тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз. Жеміс шырындары кетпейтін дақтар қалдырады.
- Басқару тақтасында ыстық ыдыстарды сақтамаңыз.
- Ыдысты құрғақ болғанша қайнатпаңыз.
- Құрылғының үстіне заттардың немесе ыдыстардың құлауына жол бермеңіз. Бет зақымдалуы мүмкін.
- Әзірлеу аймақтарын бос ыдыс қойып немесе ыдыссыз белсендірмеңіз.
- Шойыннан, алюминийден жасалған немесе түбі зақымдалған ыдыстар сызаттар түсіруі мүмкін. Әзірлеу бетінде жылжыту керек болғанда әрқашан осы заттарды жоғары көтеріңіз.
- Бұл тек тағам пісіруге арналған құрылғы. Оны басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды, мысалы, бөлмені жылыту.

2.4 Күту және тазалау

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу, өрт қаупі немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Техникалық қызмет көрсетуден бұрын құрылғыны сөндіріңіз. Ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Құрылғының суық екеніне көз жеткізіңіз. Шыны панельдердің сыну қаупі бар.
- Зақым келген болса есіктің шыны панельдерін дереу ауыстырыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының ішінде қалған май немесе тағам қалдығынан өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғының бетіндегі материалдың сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.
- Құрылғыны дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкелерді, еріткіштерді немесе металл заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшапеш бүріккішін пайдалансаңыз, ораушыштағы қауіпсіздік туралы нұсқауларды орындаңыз.

- Каталитикалық эмальды (бар болса) жуғыш заттың ешбір түрімен тазаламаңыз.

2.5 Ішкі жарық

ЕСКЕРТУ!
Электр қатері бар.

- Осы өнімнің ішіндегі шам(дар) мен шамдардың қосалқы бөлшектері жеке сатылады: Бұл шамдар температура, діріл, ылғалдылық сияқты төтенше физикалық жағдайларға тұрмыстық құрылғылардың қарсы тұруына немесе құрылғының жұмыс жағдайы туралы сигнал беруге арналған. Олар басқа қолданбаларда пайдалануға арналмаған және тұрғын үйлерді жарықтандыруға сәйкес келмейді.
- Бұл өнімде G класындағы қуат тиімділігі бар жарық көзі бар.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана пайдаланыңыз..

2.6 Қызмет

- Құрылғыны жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.

2.7 Қоқысқа тастау

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны утилизациялау жолы туралы ақпарат алу үшін дилерге, өндірушінің уәкілетті тұлғасына немесе жергілікті қатты тұрмыстық қалдықтар операторына хабарласыңыз.
- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр сымын кесіп, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар немесе үй жануарлары барабанға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.


3. ОРНАТУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

3.1 Құрылғы орнатылатын жер

Жеке тұратын бұл құрылғыңыздың бір жағын немесе екі жағын ас үй жиһазына тақатып, не бұрышқа қоюыңызға болады.

Орнату барысында қалдыру керек мин. қашықтықты кестеден қараңыз.



Мин. қашықтық

Өлшемі	мм
A	400
B	650


Өлшемі	мм
C	150

3.2 Техникалық деректер

Кернеу	230 В
Жиілік	50 - 60 Гц
Қуат тиімділігі сыныбы	A
Құрылғы сыныбы	1

Өлшемі	мм
Биіктігі	858
Ені	500
Тереңдігі	600

3.3 Құрылғының деңгейін реттеу



Құрылғының деңгейін басқа құрылғылармен дәлдеу үшін құрылғының астындағы кішкене тіректерді қолданыңыз.

3.4 Еңкейтуден қорғау құралы

Еңкейтуден қорғау құралын бекіту алдында құрылғы үшін дұрыс биіктік пен аумақты орнатыңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ
Еңкейтуден қорғау құралын дұрыс биіктікте орнатыңыз.

Құрылғының артқы беті тегіс екеніне көз жеткізіңіз.


Еңкейтуден қорғау құралын міндетті түрде орнату керек. Егер сіз оны орнатпасаңыз, құрылғы еңкеюі мүмкін.

Құрылғыңызда суретте (егер бар болса) көрсетілген таңба бар. Ол еңкейтуден қорғау құралын орнату туралы еске салады.





1. Еңкейтуден қорғау құралын құрылғының үстіңгі бетінен 317 - 322 мм және бүйірінен 80 - 85 мм төмен, кронштейндегі дөңгелек саңылауға орнатыңыз. Оны қатты материалға бұраңыз немесе тиісті күшейтуді (қабырға) пайдаланыңыз.



2. Бұл саңылауды құрылғының артқы жағында таба аласыз. Құрылғының алдын көтеріп, шкафтардың арасындағы кеңістіктің ортасында орнатыңыз. Егер орындық шкафтарының арасындағы кеңістік құрылғының енінен үлкенірек болса, бүйірлік өлшемді құрылғының ортасына реттеу керек.

Егер плитаның өлшемдерін өзгертсеңіз, еңкеймеу құралын дұрыс туралауыңыз керек.

АБАЙЛАҢЫЗ
Егер орындық шкафтарының арасындағы кеңістік құрылғының енінен үлкенірек болса, бүйірлік өлшемді құрылғының ортасына реттеу керек.

3.5 Электр орнату

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларындағы қауіпсіздік шараларын сақтамасаңыз, өндіруші жауапты болмайды.


Бұл құрылғы ашамен немесе желілік кабельмен жабдықталмаған.

ЕСКЕРТУ!
Желілік кабельді терминалға жалғамас бұрын үй желісіндегі фазалар арасындағы кернеуді өлшеңіз. Содан кейін дұрыс электр орнатуды пайдалану үшін құрылғының артқы жағындағы жалғау жапсырмасын қараңыз. Бұл қадамдар реті орнату қателері мен құрылғының электр құрамдастарының зақымдалуын болдырмайды.

Әртүрлі фазаларда қолдануға болатын кабельдердің түрлері:


Фаза	Кабельдің мин. өлшемі
1	3x6,0 мм²
3 бейтарап	5x1,5 мм²

ЕСКЕРТУ!
Қуат кабелі құрылғының суретте күңгірттелген бөлігіне тимеуі тиіс.




4. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы шолу



1 Плита тетіктері
2 Температура тетігі
3 Температура индикаторы/таңбасы
4 Электрондық бағдарламашы
5 Плита шамы/таңбасы/индикаторы
6 Тұмшапеш функцияларының тетігі
7 Plus Steam түймесі
8 Қыздыру элементі
9 Шам
10 Желдеткіш
11 Сөре тірегі, алынбалы
12 Қуыстың шығыңқы жері
13 Сөре деңгейлері

4.2 Әзірлеу бетінің орналасуы



1 Әзірлеу аймағы 1200 Вт
2 Бу шығысы - нөмірі мен орны модельге байланысты
3 Әзірлеу аймағы 900 / 2000 Вт
4 Әзірлеу аймағы 1200 Вт
5 Қалдық қызу индикаторы
6 Әзірлеу аймағы 700 / 1700 Вт

4.3 Керек-жарақтар

- **Тор сөре**
  Ыдыстарға, торт қалыптарына, қуырылған тағамдарға арналған.
- **Пісіру науасы**
  Торттар мен печеньелерге арналған.
- **Гриль- / Қуыру табасы**
  Пісіру мен қуыруға немесе май жинайтын таба ретінде пайдалануға арналған.
- **Қосымша телескоптық бағыттағыштар**
  Сөрелер мен науаларға арналған. Оларға бөлек тапсырыс бере аласыз.
- **Сақтау тартпасы**
  Сақтау тартпасы тұмшапеш қуысының астында орналасқан.

5. БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

5.1 Алғашқы тазалау

Пештен керек-жарақтардың барлығын және алмалы сөре сырғытпаларын алыңыз.

"Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.

Пешті және керек-жарақтарды алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз. Керек-жарақтарды және алмалы сөре сырғытпаларын орындарына қойыңыз.

5.2 Уақытты орнату

Тұмшапешті іске қосар алдында уақытты орнату керек.

индикаторы құрылғыны электр қуатына қосқан кезде, тоқ сөніп қалғанда немесе таймер орнатылмаған кезде жыпылықтайды.

Дұрыс уақытты орнату үшін + немесе — түймешігін басыңыз.
Шамамен бес секунд өткеннен кейін жыпылықтау тоқтайды да, бейнебетте сіз орнатқан тәулік уақыты көрсетіледі.

5.3 Уақытты өзгерту

Егер функциялардың кез келгені жұмыс істеп тұрса, сіз күннің уақытын өзгерте алмайсыз.

Күндізгі уақыт функциясының индикаторы жыпылықтағанша түймесін қайта-қайта басыңыз.
Жаңа уақытты орнату үшін «Уақытты орнату» тарауын қараңыз.

5.4 Батырма тетіктер

Құрылғыны іске пайдалану үшін оның тетігін басыңыз. Тетік бері шығады.

5.5 Алдын ала қыздыру

Бос тұмшапешті алғаш пайдаланар алдында қыздырыңыз.

Келесі функция үшін: «Тұмшапеш - күнделікті пайдалану» тарауының «Функцияны белсендіру: PlusSteam» бөлімін қараңыз:
PlusSteam“ тарауларын қараңыз.

1. функциясын орнатыңыз. Максималды температураны орнатыңыз.
2. Тұмшапешті 1 сағат қосып қойыңыз.
3. . Максималды температураны орнатыңыз. Бұл функцияның максималды температурасы — 210 ° C.
4. Тұмшапешті 15 минут қосып қойыңыз.
5. функциясын орнатып, мынаны басыңыз: Plus Steam . Максималды температураны орнатыңыз.
6. Тұмшапешті 15 минут қосып қойыңыз.
7. Тұмшапешті сөндіріңіз де, салқындатыңыз.

Аксессуарлар әдеттегіден ыстығырақ болуы мүмкін. Тұмшапештен иіс және түтін шығады. Бөлмедегі ауа ағыны жеткілікті екенін тексеріңіз.

6. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

6.1 Пісіру алаңдарының сипаттамасы

Пісіру алаңдары термостатпен жабдықталған және таңдалған қызу

деңгейіне байланысты (сөніп, іске қайта қосылып) үзіліссіз жұмыс істейді.

6.2 Электрмен әзірлеу аймағына

Таңбалар	Функция
0	Өшірулі күйі
◎	Қос аймақ
⟆	Жылы ұстау
1 - 9	Жылу параметрлері

Энергияның тұтынылуын азайту үшін қалдық жылуды пайдаланыңыз. Әзірлеу процесінің аяқталуына шамамен 5 - 10 минут қалғанда әзірлеу аймағын өшіріңіз.

Таңдалған пісіру алаңының тетігін қажетті қызу параметріне бұраңыз. Плитаны басқару индикаторы қосылады.
Әзірлеу процесін аяқтау үшін тетікті өшірулі күйіне бұрыңыз.

Барлық әзірлеу аймақтары өшірілсе, плитаны басқару индикаторы өшеді.

6.3 Қарапайым пісіру алаңын қолдану

Қарапайым пісіру алаңын пайдалану үшін тиісті тетікті келесі қалыптардың біріне бұраңыз: 1-9.

1-ден 3-ке дейінгі қызу параметрлерінде алаң шамамен 2-3 секунд қызыл түсті болып жанып, содан кейін сөнеді.

8-ші немесе 9-шы қызу деңгейін орнатқан кезде алаң ең жоғарғы қуат деңгейінде жұмыс істейді.

6.4 Сыртқы шеңберлерді (қос немесе сопақ) іске қосу және сөндіру

Дайындаған бетті ыдыстың өлшеміне қарай реттеуге болады.

1. Егер 1-ден 9-ға дейінгі қызу деңгейін таңдасаңыз, пісіру алаңының тек орталық бөлігі ғана жұмыс істейді.
2. Сыртқы шеңберді іске қосу үшін тетікті сағат тілінің бағытымен 9-дан ◎ белгісіне қарай асырып қойыңыз.
3. Содан кейін тетікті сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, қажетті қызу параметріне (1-9) қойыңыз. Орталық бөлік пен сыртқы шеңбер бірге жұмыс істейді.

Сыртқы шеңберді сөндіру үшін басқару тетігін "off" қалпына қойыңыз. Орталық бөлік те, сыртқы немесе сопақ шеңбер де сөнеді. Индикатор сөнеді. Пісіру алаңының орталық бөлігін қайта қосу үшін қызу параметрінің 1-9 аралығындағы деңгейін таңдаңыз.

6.5 Қалдық қызу индикаторы

ЕСКЕРТУ!
Индикатор жанып тұрғанда қалдық ыстықтан күйіктер алу қаупі бар.

Әзірлеу аймағы ыстық болса индикатор көрінеді, бірақ ол негізгі қуат ажыратылған болса, жұмыс істемейді.

Сондай-ақ бұл индикатор мына жағдайда көрінуі мүмкін:
- тіпті пайдаланып жатпасаңыз да, іргелес әзірлеу аймақтары үшін,
- суық әзірлеу аймағына ыстық ыдыс қойылғанда,
- плита белсенсіздірілгенде, бірақ әзірлеу аймағы әлі ыстық кезде.

Бұл индикатор әзірлеу аймағы суығанда жоғалады.

7. ПЕШ - АҚЫЛ-КЕҢЕС

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

7.1 Ыдыс-аяқ

Пісіру нәтижелері ыдыстың материалына байланысты


- **ұсынылады:** алюминий, мыс
- **ұсынылмайды:** тот баспайтын болат, шойын, шыны

Ыдыстың түбі мүмкіндігінше қалың және тегіс болуы керек. Плитаның үстіне қоюдан бұрын табақтың таза және құрғақ болуын қамтамасыз етіңіз.

Керамикалық плитада түптерінде айқын жиектер немесе жоталар бар ыдысты пайдаланбаңыз, мысалы. шойын табаларды. Олар плита бетіне тұрақты қалатын сызат түсіруі мүмкін.

Эмальмен қапталған болаттан жасалған және түбі алюминийден немесе мыстан жасалған ыдыс-аяқтар әйнек-керамикалық беткейдің түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Қуатты үнемдеу және плитаның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ыдыс түбінің қолайлы минималды диаметрі болуы керек (кемінде, аймақ диаметрімен бірдей).



7.2 Әзірлеу кезінде қолдану жағдайларының мысалдары

Кестедегі деректер тек нұсқау ретінде берілген.

Жылу параметрі	Мына үшін пайдалану:	Уақыт (мин.)	Кеңестер
⎽⎽ - 1	Әзірленген тамақты жылы ұстаңыз.	қажет болған жағдайда	Ыдыстарды қақпақпен жабыңыз.
1 - 2	Голландиялық ерітілген соус: май, шоколад, желатин.	5 - 25	Ара-тұра араластырыңыз.
1 - 2	Қатайту үшін: үлпілдек омлеттер, пісірілген жұмыртқа.	10 - 40	Қақпағын жауып пісіру керек.
2 - 3	Күріш және сүтке пісірілген тағамдарды баяу қайнату, дайын тағамдарды жылыту.	25 - 50	Кемінде күріштен екі есе көп сұйық қосыңыз, сүт тағамдарын пісірудің ортасына келгенде араластырыңыз.

Жылу параметрі	Мына үшін пайдалану:	Уақыт (мин.)	Кеңестер
3 - 4	Көкөністерді, балықты, етті бумен пісіру.	20 - 45	Бірнеше ас қасық сұйықтық құйыңыз.
4 - 5	Картопты бумен әзірлеу.	20 - 60	750 г картопқа ең көбі ¼ л су пайдаланыңыз.
4 - 5	Тамақтың, бұқтырманың және сорпалардың үлкенірек мөлшерлерін пісіру.	60 - 150	3 л-ге дейін сұйықтық плюс ингредиенттер.
6 - 7	Жеңіл қуыру: эскалоп, кордон блю сиыр еті, котлеттер, фрикаделькалар, сосискалар, бауыр, ру, жұмыртқа, панкейктер, донаттар.	қажет болған жағдай да	Уақыттың жартысы өткенде аударыңыз.
7 - 8	Қатты қуыру, картоп құймағы, сүбе стейктері, стейктер.	5 - 15	Уақыттың жартысы өткенде аударыңыз.
9	Суды қайнату, паста әзірлеу, етті қуыру (гуляш, кәстрөлде қуыру), қатты қуырылған картоп.		

8. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

8.1 Жалпы ақпарат

- Плитаны әр пайдаланудан кейін тазалаңыз.
- Әрқашан табаны таза ыдысты пайдаланыңыз.
- Беттегі сызаттар немесе қара дақтар плитаның жұмысына әсер етпейді.
- Пештің бетіне арналған арнайы тазалағышты пайдаланыңыз.
- Шыныға арналған арнайы қырғышты пайдаланыңыз.

8.2 Пештің үстін тазалау

- **Дереу тазалаңыз:** еріген пластик, пластик жұқалтыр, қант және қанты бар тағам немесе қоқыстар пештің бетіне зақым келтіруі мүмкін. Күйіп қалмау үшін абай болыңыз. Қырғышты шыны бетке арнайы сүйір бұрыш жасап қойып, оны жылжыта отырып тазалаңыз.
- **Пештің үсті жеткілікті түрде суыған кезде алыңыз:** әк дақтары, су дақтары, май дақтары, металдың жылтыраған дақтары. Пештің бетін дымқыл шүберекпен және жеміргіш емес жуғыш затпен тазалаңыз. Тазалап болғаннан кейін пештің үстін жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- **Жылтыраған металл дақтарын кетіріңіз:** қопсытқыш пен лимон шырынын немесе сірке суының қоспасын пайдаланыңыз.

9. ТҰМШАПЕШ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

9.1 Тұмшапешті қосу және өшіру

1. Тұмшапеш функциясын таңдау үшін тұмшапеш функциялары тетігін бұраңыз.
2. Температураны таңдау үшін температура тетігін бұраңыз.

Тұмшапеш іске қосылғанда шам жанады.

3. Тұмшапешті сөндіру үшін тұмшапеш функциялары мен температура тетіктерін "сөндіру" қалпына бұрыңыз.

9.2 Қауіпсіздік термостаты

Тұмшапеш дұрыс жұмыс істемесе немесе бөлшектерінде ақау бар болса, қатты қызып кету қаупі бар. Бұндай жағдайдың алдын алу үшін тұмшапеш тоқты кідіртуге арналған термостатпен жабдықталған. Температура төмендеген кезде тұмшапеш қайта автомтты түрде қосылады.

9.3 Тұмшапеш функциялары

Таңба	Тұмшапеш функциялары	Қолдану
0	Өшірулі күйі	Тұмшапеш өшірулі.
	Тұмшапеш шамы	Шамды пісіру функциясынсыз қосу үшін.
+	PlusSteam	Тағам пісіру барысында ылғал қосуға арналған. Пісіру кезінде дұрыс түсті және қытырлақ қабықты алуға арналған. Қайта қыздыру кезінде барынша сөлді етуге арналған. Жемістерді не көкөністерді консервілеу үшін.
	Жеңіл желдеткішпен пісіру	Етті балбыратып, сөлді етіп қуыру үшін не кез келген жемісті не көкөністерді кептіру үшін.
	Астыңғы қыздыру	Торттың қыртысын кіртілдек етіп пісіруге арналған.
	Дәстүрлі пісіру	Тағамды бір сөре деңгейінде пісіру және қуыру үшін.
	Жылдам гриль	Жалпақ тағамның үлкен мөлшерін қақтауға және наннан гриль жасауға арналған.
	Турбо гриль	Үлкенірек ет кесектерін немесе сүйегі бар құс етін бір сөреге қойып, қуыруға арналған. Гратин жасауға және қызартуға арналған.

Таңба	Тұмшапеш функциялары	Қолдану
	Желдеткішпен пісіру	Пісіру температуралары бірдей тағамды бір емес, бірнеше сөреге қойып, иістерін сіңірмей қуыруға немесе қуырып-пісіруге арналған.
	Ылғалмен пісіру	Бұл тағам пісіру барысында қуатты үнемдеуге арналған функция. Әзірлеу туралы нұсқауларды «Кеңестер» тарауының Ылғалмен пісіру бөлімін қараңыз. Функцияға кедергі келтірмеу үшін және тұмшапеш қуатты ең көп үнемдеп істеуі үшін пісіру барысында тұмшапештің есігі жабық болуы керек. Бұл функцияны пайдаланғанда ішкі температура орнатылған температурадан өзгеше болуы мүмкін. Қыздыру қуаты азаюы мүмкін. Жалпы қуат үнемдеуге арналған ұсыныстарды "Қуат тиімділігі" тарауы, “Тұмшапеш - Қуат үнемдеу” тарауынан қараңыз.
	Ыстық желдеткішпен пісіру	Бір уақытта екі сөре деңгейінде әзірлеуге және тағамды кептіруге арналған. Температураны Дәстүрлі пісіру режимінен 20 - 40 °C төменірек орнатыңыз.
	Еріту	Тағам жібіту үшін (көкөністер және жеміс). Еріту уақыты мұздатылған тағамның мөлшері мен өлшеміне байланысты.

9.4 Функцияны іске қосу: PlusSteam

Бұл функция тағам пісіру барысында ылғалдылықты жақсартуға ықпал етеді.

ЕСКЕРТУ!
Күйіп қалу және құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

Шыққан ылғал күйдіруі мүмкін:

- Функция қолданғанда құрылғының есігін ашпаңыз: PlusSteam.
- Функцияны қолданып болғаннан кейін құрылғының есігін абайлап ашыңыз: PlusSteam.

“Ақыл-кеңестер және ұсыныстар” тарауын қараңыз.

1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.
2. Корпустың белгіленген деңгейіне дейін су құйыңыз.
   Корпустың белгіленген деңгейінің ең үлкен сыйымдылығы 250 мл. Корпустың белгіленген жеріне дейін сумен толтыру кезінде тұмшапеш салқын болуы керек.
3. Функцияны орнатыңыз: PlusSteam .
4. Плюс Бу  түймешігін басыңыз. Бу плюс түймесі мына функциямен бірге ғана жұмыс істейді: PlusSteam.

Индикатор жанады.

5. Температураны таңдау үшін температура тетігін бұраңыз.
6. Құрылғыға тағам қойыңыз және тұмшапештің есігін жабыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Тағам пісіру барысында немесе тұмшапеш ыстық тұрғанда корпусты белгіленген жеріне дейін сумен толтырмаңыз.

7. Құрылғыны сөндіру үшін Плюс Бу түймешігін басып, тұмшапеш функциялары мен температура тетіктерін "сөндіру" қалпына қойыңыз.


Плюс Бу түймешігінің индикаторы сөнеді.

8. Корпустың белгіленген деңгейінен суды ағызыңыз.

ЕСКЕРТУ!
Корпустың белгіленген деңгейінен қалған суды ағызу алдында құрылғының суығанына көз жеткізіңіз.

10. ТҰМШАПЕШ - САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

10.1 Дисплей



A. Сағат функциялары
B. Таймер

10.2 Түймелер

Түйме	Функция	Сипаттама
—	МИНУС	Уақытты қоюға арналған.
	САҒАТ	Сағат функциясын орнату үшін.
+	ПЛЮС	Уақытты қоюға арналған.
	Плюс Бу	Функцияны қосу үшін: PlusSteam.

10.3 Сағат функцияларының кестесі

Сағат функциясы		Қолдану
	ТӘУЛІК УАҚЫТЫ	Тәулік уақытын орнату, өзгерту немесе тексеру үшін.
	ҰЗАҚТЫҚ	Тұмшапештің қанша уақыт жұмыс істейтінін орнату үшін.
	МИНУТ САЙЫНҒЫ ДЫБЫС	Кері санақ уақытын орнатуға арналған. Бұл функция тұмшапештің қызметіне әсер етпейді. МИНУТ САЙЫНҒЫ ДЫБЫСТЫ кез келген уақытта, тұмшапеш өшірулі кезде де орнатуға болады.

10.4 ҰЗАҚТЫҚ функциясын орнату

1. Тұмшапештің функциясы мен температурасын орнатыңыз.
2. ⏲ түймесін |→| жыпылықтай бастағанша қайта-қайта басыңыз.
3. + немесе — түймесін ҰЗАҚТЫҚ уақытын орнату үшін басыңыз.

Бейнебетте |→| көрсетіледі.

4. Уақыт аяқталғанда |→| жыпылықтап, дыбысты сигнал естіледі. Құрылғы автоматты түрде сөнеді.
5. Дыбыстық сигналды тоқтату үшін кез келген түймешікті басыңыз.
6. Пеш функцияларының тетігін және температура тетігін сөндіру қалпына бұраңыз.

10.5 МИНУТ ОПЕРАТОРЫН орнату

1. ⏲ түймесін 🔔 жыпылықтай бастағанша қайта-қайта басыңыз.
2. Қажетті уақытты орнату үшін + не — басыңыз.

Минут операторы 5 секундтан кейін автоматты түрде іске қосылады.

3. Орнатылған уақыт аяқталған кезде дыбыстық сигнал естіледі. Дыбыстық сигналды тоқтату үшін кез келген түймешікті басыңыз.
4. Тұмшапеш функциясының тетігін және температура тетігін "off" (сөндірулі) қалпына қойыңыз.

10.6 Сағат функцияларын біржола тоқтату

1. ⏲ түймесін қажетті функцияның индикаторы жыпылықтай бастағанша қайта-қайта басыңыз.
2. — түймешігін басып ұстап тұрыңыз.


Сағат функциясы бірнеше секундтан кейін сөнеді.

11. ТҰМШАПЕШ - КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

⚠ **ЕСКЕРТУ!**
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

11.1 Аксессуарларды салу


Тор сөре:



Сөре тірегінің бағыттағыштарының арасына сөрені қойыңыз.

Науа:


ⓘ Әзірлеу науасын қуыстың артқы қабырғасына дейін итермеңіз. Бұл жылудың науаның айналасында айналуына жол бермейді. Тамақ күйіп кетуі мүмкін, әсіресе науаның артқы бөлігінде.



Сөре тірегінің бағыттағыштарының арасына науаны немесе терең табаны итеріңіз. Тұмшапештің артқы қабырғасына тимейтінін тексеріңіз.

Сым сөрені және терең табаны бірге пайдалану:

Сөре тірегінің бағыттағыштар және жоғарыдағы бағыттағыштардағы сым сөре арасына терең табаны итеріңіз.



12. ТҰМШАПЕШ - КЕҢЕСТЕР

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Кестелердегі температура мен пісіру уақыттары тек ұсыныстар болып табылады. Олар рецептерге және пайдаланылатын ингредиенттердің сапасы мен мөлшеріне байланысты.

12.1 Жалпы ақпарат

Құрылғының төрт сөре деңгейі бар. Сөренің деңгейлерін құрылғының астыңғы жағынан бастап санаңыз.

Құрылғыда ауаны айналдыратын және буды үздіксіз қайта айналдырып отыратын арнайы жүйе бар. Бұл жүйе арқылы сіз булы ортада әзірлей аласыз және тағамның ішін жұмсақ, ал сыртын қытырлақ күйде ұстай аласыз. Бұл пісіру уақыты мен қуатты тұтынуды барынша азайтады.

Құрылғының ішіне немесе есігінің шыны панельдеріне ылғал тұруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Пісіру барысында құрылғының есігін ашқанда үнемі артқа шегініңіз. Буды азайту үшін құрылғыны тағам пісіру алдында кемінде 10 минут қосыңыз.

Құрылғының ылғалын әр пайдаланып болған сайын тазалаңыз.

Пісірген кезде заттарды құрылғының табанына және алюминий жұқалтырды құрылғының құралас бөліктеріне қоймаңыз. Бұл пісіру нәтижесін өзгертуі және эмальға нұқсан келтіруі мүмкін.

12.2 Пісіру

Алғаш рет пісірген кезде төменгі температураны қолданыңыз.

Егер торттарды бірнеше сөрелерге қойып пісірсеңіз, пісіру уақытын 10 – 15 минутқа созуға болады.

Биіктіктері әр түрлі кекстер мен тәтті тоқаштар бірдей қызармауы мүмкін. Егер біркелкі қызармаса температура параметрін өзгертудің қажеті жоқ. Пісіру барысында қызару деңгейлері теңеседі.

Пісіру кезінде тұмшапештегі науа майысып қалуы мүмкін. Науалар суығанда кезде майысқаны қалпына келеді.

12.3 Бәліштерді пісіру

Орнатылған әзірлеу уақытының 3/4 бөлігі өтпей тұрып тұмшапеш есігін ашпаңыз.

Егер сіз бір уақытта екі пісіру науасын пайдаланып жатсаңыз, олардың арасында бір деңгейді бос ұстаңыз.

12.4 Ет пен балықты пісіру

Тұмшапеште біржола қалуы мүмкін дақтарды болдырмау үшін өте майлы тағамға арналған терең табаны пайдаланыңыз.

Сәлі шығып кетпеуі үшін кесу алдында етті шамамен 15 минутқа қалдырыңыз.

Қуыру кезінде тұмшапеште тым көп түтін болмауы үшін терең табаға біраз су құйыңыз. Түтін конденсациясын болдырмау үшін ол кепкен сайын су құйыңыз.

12.5 Пісіру уақыттары

Пісіру уақыттары тағам түріне, консистенциясына және көлеміне байланысты.

Бастапқыда, пісірген кезде өнімділікті бақылаңыз. Бұл құрылғыны пайдаланған кезде ыдыстар, рецепттер мен мөлшерлер үшін ең жақсы параметрлерді (қызу параметрі, пісіру уақыты, т.б.) табыңыз.

12.6 PlusSteam +

Тұмшапешті алдын ала қыздыру үшін салқын тұрған кезінде корпустың белгіленген жеріне дейін суға толтырыңыз.

"Функциясын қосу" тарауын қараңыз: PlusSteam"

Кондитер өнімдері

Тағам	Корпустың белгіленген жеріне дейінгі су мөлшері (мл)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Ақ нан 1)	100	180	35 - 40	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Булочкалар 1)	100	200	20 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Үй пиццасы 1)	100	230	10 - 20	1	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Фокаччиа 1)	100	190 - 210	20 - 25	1	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Печенье, шелпек, круассан 1)	100	150 - 180	10 - 20	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Өрік торты, алма бәліші, дәмқабық қосылған булочкалар 1)	100	180	20	2	Торт қалыбын пайдаланыңыз.

1) Пісіру алдында бос тұмшапешті 5 минут қыздырыңыз.

Мұздатылған тағамды пісіру

Тағам	Корпустың белгіленген жеріне дейінгі су мөлшері (мл)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Мұздатылған пицца[1)]	150	200 - 210	10 - 20	2	Тор сөрені пайдаланыңыз.
Мұздатылған круассан[1)]	150	160 - 170	25 - 30	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.

1) Пісіру алдында бос тұмшапешті 10 минут қыздырыңыз.

Тағамды өңдеу

Тағам	Корпустың белгіленген жеріне дейінгі су мөлшері (мл)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Ақ нан	100	110	15 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Булочкалар	100	110	10 - 20	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Үй пиццасы	100	110	15 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Фокачча	100	110	10 - 20	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Көкөністер	100	110	15 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Күріш	100	110	15 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Макарон өнімдері	100	110	15 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.
Ет	100	110	15 - 25	2	Пісірме табақты пайдаланыңыз.

Қуыру

Тағам	Корпустың белгіленген жеріне дейінгі су мөлшері (мл)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Қуырылған шошқа еті	200	180	65 - 80	2	Тор сөре мен пісірме табақты қолданыңыз.
Ростбиф	200	200	50 - 60	2	Тор сөре мен пісірме табақты қолданыңыз.
Тауық еті	200	210	60 - 80	2	Тор сөре мен пісірме табақты қолданыңыз.
Қуырылған күркетауық	200	200	70 - 90	2	Тор сөре мен пісірме табақты қолданыңыз.

12.7 Консервілеу +

ЕСКЕРТУ!
Күйіп қалу және құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Өлшемдері бірдей, консерв жасау үшін қолданылатын, сатып алуға болатын банкаларды қолданыңыз.
- Пісірме табаға алтыдан көп емес жарты литрлік банкаларды қойыңыз.
- Банкаларды біркелкі толтырыңыз, әр банканың бетінен 1 см ауа қалдырыңыз. Қақпақтарын герметикалық тәсілмен жаппай-ақ, бетіне қойыңыз.
- Банкаларды бір-біріне тигізбеңіз.
- Пісірме науаға 1/2 литр су құйып, пештің ішінде ылғалдылық жеткілікті болу үшін корпустың белгіленген жеріне дейін 1/4 литр су құйыңыз.
- PlusSteam функцияны таңдап, төмендегі кесте бойынша дұрыс температураны орнатыңыз.
- Банкаларды функция сөндірулі болғанда ғана герметикалық тәсілмен жабуға болады.

Жидек

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Бүлдірген / Көк жидек / Таңқурай	160	25 - 30	1	Пісірме табақты пайдаланыңыз.

Сүйекті жеміс

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Алмұрт / Айва / Қара өрік	160	35 - 40	1	Пісірме табақты пайдаланың ыз.

Жұмсақ көкөністер

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Кәді / Баклажан / Пияз / Қызанақ	160	30 - 35	1	Пісірме табақты пайдаланың ыз.

Консервленген көкөністер

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Сәбіз / Консервленген көкөніс / Шаңбыр / Сельдерей	160	35 - 45	1	Пісірме табақты пайдаланың ыз.

12.8 Жеңіл желдеткішпен пісіру

Высушивание

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (сағ)	Сөренің орналасуы	
			1-ші деңгей	2-ші деңгей
Овощи				
Бұршақ	60 - 70	7 - 9	2	1 / 3
Туралған бұршақтар	60 - 70	10 - 12	2	1 / 3
Тұздықталатын көкөніс	60 - 70	9 - 11	2	1 / 3
Туралған саңырауқұлақтар	50 - 60	13 - 15	2	1 / 3
Шөптер	40 - 50	3 - 5	2	1 / 3
Жеміс-жидек				
Жарты өріктер	60 - 70	11 - 13	2	1 / 3

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (сағ)	Сөренің орналасуы	
			1-ші деңгей	2-ші деңгей
Жарты абрикостар	60 - 70	9 - 11	2	1 / 3
Алма тілімдері	60 - 70	6 - 8	2	1 / 3
Алмұрт тілімдері	60 - 70	7 - 10	2	1 / 3

Баппен пісіру

Тағам	Мөлшері (кг)	Әр жағын қуыру (мин)	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Уақыт (мин.)
Говядина					
Орташа пісірілген филе	1.0 - 1.5	2	80 - 100	2	60 - 90
Ростбиф, әбден пісірілмеген	1.5 - 2.0	4	80 - 100	2	160 - 200
Телятина					
Қан-сөлімен пісірілген филе	1.0 - 1.5	2	80 - 100	2	50 - 90
Бір кесек қоң ет	1.5 - 2.0	4	80 - 100	2	100 - 160
Қуырылған бұзау еті, орташа	1.5 - 2.0	4	80 - 100	2	100 - 160
Свинина					
Қан-сөлімен пісірілген филе	1.0 - 1.5	2	80 - 100	2	60 - 100
Бір кесек қоң ет	1.5 - 2.0	4	80 - 100	2	100 - 160
Қуырылған шошқа еті, орташа	1.5 - 2.0	4	80 - 100	2	100 - 160

12.9 Дәстүрлі пісіру

Пісіру

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Шелпек	160 - 170	25 - 35	2
Алма қосылған ашыған қамыр торты	170 - 190	45 - 55	3

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Құймақ	170 - 180	35 - 45	2
Түйірлері бар торт	170 - 190	50 - 60	3
Сүзбе торты	170 - 190	60 - 70	2
Шаруа наны	190 - 210	50 - 60	2
Румын бисквит торты	165 - 175	35 - 45	2
Румын бисквит торты - дәстүрлі	165 - 175	35 - 45	2
Ашытып пісірілген тоқаш	180 - 200	15 - 25	2
Швейцария орамасы	150 - 170	15 - 25	2
Киш лорен	215 - 225	45 - 55	2

Қуыру

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Тауықтың жарты еті	210 - 230	35 - 50	2
Қуырылған шошқа котлеті	190 - 210	30 - 35	3
Тұтас балық	200 - 220	40 - 70	2

12.10 Жылдам гриль

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Тауықтың жарты еті	230	50 - 60	2
Қуырылған шошқа котлеті	230	40 - 50	3
Гриль бэкон	250	17 - 25	2
Шұжықтар	250	20 - 30	2
Сиыр етінің стейгі: орташа	230	25 - 35	2

12.11 Турбо гриль

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Тауықтың жарты еті	200	50 - 60	2
Тауық еті	250	55 - 60	2
Тауық қанаттары	230	30 - 40	2

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Қуырылған шошқа котлеті	230	40 - 50	2
Сиырдың қоң еті: жақсы піскен	250	35 - 40	2

12.12 Желдеткішпен пісіру

Пісіру

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Толтырылған ашыған қамыр кексі	150 - 160	20 - 30	2
Виктория сэндвичі	170 - 190	30 - 40	2
Алма қосылған ашық бәліш	180 - 200	35 - 45	2
Рождество торты	150 - 160	40 - 50	2
Мадера торты	170 - 190	50 - 60	2
Меренга	110 - 120	30 - 40	2
Картоп гратині	180 - 200	40 - 50	2
Лазанья	170 - 190	30 - 50	2
Тұмшапеш макарондары	170 - 190	50 - 60	2
Пицца	190 - 200	25 - 35	2

Қуыру

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Бүтін тауық	200 - 220	55 - 65	2
Шошқаның қуырылған еті	170 - 180	45 - 50	2

12.13 Ылғалмен пісіру

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Нан және пицца				

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтар
Тоқаштар	190	25 - 30	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Булочкалар	200	40 - 45	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Мұздатылған пицца 350 г	190	25 - 35	2	темір сөре
Пісірме табадағы торттар				
Швейцария орамасы	180	20 - 30	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Брауни	180	35 - 45	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Қалбырдағы торттар				
Суфле	210	35 - 45	2	тор сөреге қойылған алты керамика қалып
Қопсыма флан негізі	180	25 - 35	2	тор сөреге қойылған флан негізі
Бисквит торт	150	35 - 45	2	тор сөреге қойылған торт қалыбы
Балық				
Қалтаға салынған 300 г балық	180	25 - 35	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
200 г бүтін балық	180	25 - 35	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Балық филесі 300 г	180	30 - 40	2	тор сөреге қойылған пицца ыдысы
Ет				
Қалтаға салынған 250 г ет	200	35 - 45	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Істіктердегі ет 500 г	200	30 - 40	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
Пісірілген шағын тағамдар				
Печенье	170	25 - 35	2	гриль- / пісіру табасына қойылған темір тор
